

С. 143.

2. Сулейменова М.К. «Медиация в Казахстане: современное состояние и перспективы развития» / М.К. Сулейменова // Юрист. – 2009. – №12. – С. 12-19.

3. Коновалов А. Школьная служба примирения и восстановительная культура взаимоотношений / А. Коновалов // Издательство: МОО Центр «Судебно-правовая реформа», 2012.

4. Давыденко Д.Л. Примирительные процедуры / Д.Л. Давыденко // Издательство: Инфотропик, 2013.

REFERENCES

1. Ibragimov A., *Mediatsiya kak sposob razresheniya kommercheskikh sporov. Sudebnaya zashchita prav investorov, sbornik nauchnykh statey. 2010, 143 (in Russ).*

2. Suleymenova M.K., *Mediatsiya v Kazakhstane, sovremennoe sostoyaniye i perspektivy razvitiya, Yurist. 2009, 12, 12, 19 (in Russ).*

3. Kononov A., *Shkol'nay sluchba primireniya i vosstanovitel'naya kul'tura vzaimootnosheniy. A. Kononov. Izdatel'stvo, MOO Tsentri Sudebno-pravovaya reforma, 2012 (in Russ).*

4. Davydenko D.L., *Primiretel'nye protsedury. D.L. Davydenko. Izdatel'stvo, Infotropik, 2013 (in Russ).*

ӘОЖ 347.01 (574)

Д.Д. КЫЗЫРОВ, А.С. РАМАЗАНОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПкерлердің Құқықтары мен Мүдделерін Қорғау

Мақалада Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау сұрақтары қарастырылған. Бүгінгі күні нарықтық қатынастар даму жағдайында, кәсіпкерлік қызметтің мәселелерін, кәсіпкерлердің құқықтық жағдайын зерттеу өте маңызды болып келеді.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, заңды тұлғалар, коммерциялық ұйымдар.

ЗАЩИТА ПРАВ И ИНТЕРЕСОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассматриваются вопросы правовой защиты прав и интересов предпринимателей в Республике Казахстан. На сегодняшний день в условиях развития рыночных отношений, исследование проблем предпринимательской деятельности, правового статуса предпринимателей имеет важное значение.

Ключевые слова: предпринимательство, защиты прав и интересов предпринимателей, юридических лиц, коммерческих организаций.

PROTECTION OF THE RIGHTS AND INTERESTS OF ENTREPRENEURS IN
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article considers the issues of legal protection of the rights and interests of entrepreneurs in the Republic of Kazakhstan. Today in the conditions of development of market relations, the study of problems of entrepreneurship, the legal status of entrepreneurs is important.

Keywords: entrepreneurship, protection of rights and interests of entrepreneurs, legal entities.

Бүгінде, Қазақстан Республикасы Президентінің аса назар аударып жатқан аясы кәсіпкерлікті, оның ішінде олардың құқықтарының қорғалуын дамыту, қолдау, жетілдіру және материалдық, құқықтық қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін мүмкіндігінше шешу болып табылады. Әсіресе кәсіпкерлік қызметті, өндірістік-шаруашылық қызметтерді құқықтық реттеуде айтарлықтай көңіл бөлінуде.

Экономикасы нарықтық бағытқа бет алған Қазақстан үшін кәсіпкерлікті даму мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіпкерлікті дамыту – нарықтық дамытудың кепілі.

Қазақстан Республикасы Конституциясында былай деп жазылған: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» [1].

Бәрімізге мәлім, өндірістің негізгі факторлары табиғи, еңбек, өндірістік ресурстар болып табылады. Нарықтық экономика кезінде осы фактордардың жұмыс істеп, қозғалысқа түсуіне әсер ететін нақты күш бар. Олар: іскерлік, басқару және өз мүмкіндіктерін белгілі бір мақсатта жетістікке қол жеткізуге пайдалана білу икемділігі [2].

Жалпы өркениетті елдердің қай-қайсысын алсақ та өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Себебі кәсіпкерлік халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар қосымша жұмыс орындарының ашылуына да себебін тигізеді. Кәсіпкерліктің осындай және басқа да экономикалық және әлеуметтік функциялары оны дамыту мәселесін маңызды мемлекеттік міндеттер қатарына жатқызуға және экономиканы реформалаудың ажырамас бөлігі деп қарастыруға негіз береді. Техникалық прогресс, тұтынушы сұранысын толық қанағаттандыру кәсіпкерліктің тиімділігіне байланысты болады.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы дүниежүзінде ақпараттың кеңістіктің қалыптасуымен, дамуымен ерекшеленеді. Дүниежүзілік қауымдастықта жаңа технология, коммуникация, микроэлектроника жүйелері мен олардың өзара қатынасы, бір-біріне байланыстылығы қарқынды даму үстінде.

Кәсіпкерлік нарықта колсалтингтік, брокерлік, маклерлік, делдалдық, жарнама, қолданбалы зерттеу жұмыстары бойынша қызмет көрсетумен қамтамасыз етіліп, белсенді роль атқарады. Кәсіпкерлер өздерінің күштері мен қаржыларын біріктіріп, жалғызбастылықтан ұжымдық іскерлікке өтуге бейім тұрады. Бұл жағдайда ортақ біртұтас кәсіпорын құрамында жекелеген кәсіпкер өз мүлкіне жекеменшігін сақтайды. Дегенмен де серіктестіктерде, кооперативтерде оның құрылтайшылары мен қатысушылары құрал-жабдық және басқа да мүлікті толық немесе ішінара біріктіреді. Жеке кәсіпкерліктің бұл мүмкіндігі бизнесті дамытушы күш, маңызды фактор болып есептелінеді. Сонымен қатар ұжымдық бизнестің көптеген формалары капиталдың қосылуы, ортақ меншіктің құрылуы, осы бірігудің барлық мүлкіне жауап беретін заңды тұлға жасаумен байланысты.

Кәсіпкерлікті дамыту кез келген деңгейдегі басқаруды жетілдіру үшін қажет. Кәсіпкерлікті дамыту мынадай сұраққа жауап іздеуі керек: «Геосаясаттық өзгерістер іскерлік белсенділікке қандай әсер тигізеді?» Кез келген экономиканың бүгінгі мен болашағында «стратегиялық көзқарассыз» ешқандай даму болмайды.

Бүгінгі күні кәсіпкерлік мәселелері бүкіл іскерлік әлемді толқытып отыр. Сондықтан да 1990 ж. мамыр айында Вашингтонда өткен стратегиялық басқарудың халықаралық конференциясының лейтмотиві – «кәсіпкерлер жаңа шаруашылық ойлауды іздестіруде» деп аталды. Онда кәсіпкерлердің ұшқыр мәселелері, экономикаға, ұйымдастыруға, технологияға, өнімге деген жаңа кадам іздестіру туралы толғаныстар қарастырылды [3].

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға кедергі жасайтын проблемалары да бар, оны тұрақтандыру кезінен бері өзгермеген. Олардың ішіне кредиттік ресурстарының жеткіліксіздігі, салық саясатының жетілдірмегені, мемлекеттік құрылымдарының өз әрі әрекеттестігінің нашарлығы және т.б. Бірнеше жылдары бойы нормативтік-құқықтық және бағдарламалық құжаттарында осы себептерді шешу шаралары болған.

Кәсіпкерлікті жетілдіру экономиканың тұрақтылығы мен оның бәсекелік сипатын қалыптастыруда басты күштерінің бірі болып табылады. Кәсіпкерлікті дамыту үшін субъектінің белгілі бір дәрежеде еркіндігі мен құқығы, шаруашылық қызметінің бағытын таңдауда еріктігі, қабылданатын шешімдерге, одан туындайтын нәтижелерге тәуекелдіктің болуы қажет.

Еркін кәсіпкерлік меншіктің әртүрлі формада, түрде, типте болуын қалайды. Кәсіпкерлік қызметтің орын алар жері, ең алдымен – кәсіпорын. Заңмен бекітілген іскерлік қызметті ұйымдастырудың әдістері бизнестің немесе кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық формасы деп аталады. Нарықтық қатынастарға өтуде халықты кеңінен кәсіпкерлікке тарту қажет. Нарықтық экономиканың тиімді жұмыс істеуі үшін нарықтық іс басындағы субъектілердің толық өзін-өзі басқаруы мен олардың

экономикалық тәуелсіздігі болуы қажет.

Халық шаруашылығында жұмыс істейтін кәсіпорын ұйымдық-құқықтық құрылысы, масштабы, қызмет ауқымы жағынан әртүрлі болып келеді. Құқықтық және өндірістік жағынан алғанда олар жекелеген топтар мен түрлерге бөлінеді. Олар: шаруашылық серіктестіктері, акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, сондай-ақ мемлекеттік секторында мемлекеттік немесе ұлттық кәсіпорындар.

Республикада кәсіпкерлікті дамытуға үлкен ден қойылып, бірқатар заңдар мен жарлық, қаулылар қабылданған. Алғашқы құжаттардың бірі болып «Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау туралы» Заңы 1992 ж. 4 шілдесінде қабылданып, онда кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау және қолдаудың мәні мен мазмұны, басты бағыттары мен мақсаттары айқындалады. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау және қолдау дегеніміз – аталған қызметті орындаудағы құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық, жағдайды қалыптастыру, мемлекетте жаңа экономикалық құрылымдарды орнату болып табылады. Республикада «Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекені дамыту» Қоры құрылып, Президент жарлығымен 1994 ж. сәуір айында «Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекені дамыту жайындағы» мемлекеттік комиссия өз қызметін бастады. Жалпы бағыттық іс-әрекеттерді жүйелі орындау мақсатында Қазақстан Республикасы кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау және қолдаудың 1994-1996 жж. арналған бағдарламасы жасалынды. Аталған бағдарламаның басты мақсаты экономикада жекеменшіктік секторын қалыптастыру және дамыту, кәсіпкерліктің инфрақұрылымын жетілдіру болып табылады. Ел Президентінің «Азаматтар жөніндегі құқығын қорғау туралы» Жарлығының қабылдануы мемлекеттік кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне зор маңыз бергенін дәлелдейді. Әр жылдың сәуір айында Алматыда өтетін республика кәсіпкерлерінің жыл сайынғы форумында да осы мәселеге көп көңіл бөлінеді. Мұнда кәсіпкерліктің дамуына баға беру мәселесі қаралып, оның нәтижесінде кәсіпкерлікті дамытудағы кедергілер мен оларды жою бағыттары қарастырылады [3].

Әрине, кәсіпкерліктің құқықтық-ұйымдастырушылық негізін құруда әлі де болса шешімін күткен мәселелер айтарлықтай. Оның үстіне лицензия беруші, тексеруші органдардың көптігі, кеден және салық заңдарының жетілмегені, кемшіліктер, несие алудың қиындығы, кәсіпкердің мүддесін қорғайтын органның болмауы, бюрократия кәсіпкерлікті дамытуға елеулі кедергі жасайды. Сондықтан да экономикада кәсіпкерлік субъектілерінің сандық үлесі артса да, одан түсетін салықтық кіріс мөлшері аз. Бюджетке салықтың аз түсуі салық жүйесінің жетілмегені де әсер етеді. Себебі салықтың жоғары болуынан кәсіпкерлер табыстарын жасырады.

Кәсіпкерлік қызметті дамыту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті барынша қолдау;
- мақсатты бюджеттік қаржыландыру саясатын жүргізу;
- жеңілдетілген несие беру саясатын жүргізу;
- кәсіпкерлер құқығын қорғайтын орган жұмысын жандандыру;
- кәсіпкерлік қызметті тіркеуден өткізу кезіндегі қиыншылықтарды жою;
- тексеруші органдар санын қысқарту;
- заңдардың орындалуын қамтамасыз ету және т.б.

Жоғарыда аталған факторлар кәсіпкерлік субъектілерін «көлеңкелі экономикаға», салық төлеуден жалтаруға итермелейді. Қазіргі кезде бизнестегі кризистік процестер оның жүйесіз және хаостық түрде құрылғандығымен айқындалады. Бұл жағдайдың басты себебі – несие алудың жоқтығы ғана емес, сонымен бірге кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік стратегиясының жоқтығы. Бұл шараның көмегімен шағын және орта кәсіпкерлік нарықта өз арнасын, жаңа нарықтарды, жаңа тауар түрлерін алады, сонымен қатар экономикада бәсекені жақсартады.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік – шаруашылық қызметінің маңызды түрі. Оның рөлін Адам Смит былай деп бағаланған болатын: «Кәсіпкер өз мүддесін өзі үшін ұтымдылық жағдайды көздейді дей тұрғанмен, ол қоғам мүддесіне де қызмет етеді». Қазіргі экономика кәсіпкерлікті шаруашылықты ұйымдастырудың түрі ретінде анықтайды. Кәсіпкерлердің экономиканы өрлетуге қосар үлесі өте зор [4].

Қазақстан Республикасы толық нарықтық қатынасқа, макроэкономикалық реттеуге өтуде тек қана алдыңғы қадамдарды басты. Новелл сыйлығының лауреаты В. Леонтьевтің айтуы бойынша, экономиканың қызмет істеуін желқайыққа ұқсатады. «Іс жақсы жүру үшін жел керек – ол мүдде». Шведцияның тиімді экономика моделінің авторы Клас Эклундтың пікірі бойынша: «... реттелмейтін экономика болмайды және өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында экономиканы мемлекеттік реттеу – объективтік қажеттілік», – дейді. Қазір экономикалық теорияның классикалық, неоклассикалық мектептерінің уәкілдері нарықты реттеуге араласу керек емес, нарық өзі автоматты реттеледі деген пікірде.

Осы проблема жөнінде жан-жақты дәлелді теориялық қорытынды берген – атақты ағылшын экономисі Дж.М. Кейнс (1883-1946 жж.). Оның теориялық қортындылары 1929-1939 жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан шығуда практикалық қолдау алды. Ол әлеуметтік-экономикалық процесті реттеуді мемлекеттік реттеудің керек екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Дж.М. Кейнс теориясы бойынша: тұтастай сұраныста ынталандыру және барлық ресурстарды түгел қамту, жинақты және инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында, ең алдымен, фискалдық және ақша-кредит саясатын тиімді іске

асыру басты мақсат деген пікірге келген.

Кейнс теориясы практикалық тілге айналдырғанда: жұмыссыздық жойылса халықта табыс көбейеді, табыстың көбеюі сұранысты арттырады. Сұраныс ұсынысты, яғни өндірістің дамуын өрістетеді, өндіріс инвестицияны көп талап етеді, ұсыныс пен сұраныстың өрлеуі салықтың массасын өсіреді. Ал салық массасы бюджетке түседі, қорытындысында мемлекет бойынша өндірілген жалпы ұлттық өнім фискалдық саясат арқылы оның 40-45% қайта бөлініп елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартады [5].

Жоғарыдағы көрсетілген ойлардан шығатын қорытынды: мемлекет экономиканы реттеуге батыл араласуы керек. Бұл қағиданың дұрыстығы бүкіл жетілген Батыс елдерінің: Жапония, Оңтүстік Кореяның жетістіктері үлгі бола алады. Бұл елдердің тәжірибесінен алынатын сабақ – экономикалық ресурстарды түгел және тиімді пайдалану арқылы елдің өндірістік өндіргіш күштердің дамытып өндірістік потенциалын арттыру, яғни елдің байлығын арттыру.

Сонымен, нарықтық экономика барлық әлеуметтік экономикалық процестерді бүкіл қоғам үшін және оның әрбір азаматы үшін автоматты реттей алмайды. Нарықтық экономика елдің табысын әділ бөлмейді, еңбек ету құқығына кепілдік бермейді, қоршаған ортаны сақтауға көңіл бөлмейді және тұрғындардың қорғансыз бұқара топтарын қолдай алмайды. Жеке бизнес жоғары дәрежелі пайда бермейтін халық шаруашылық салаларына капиталын салмайды, ол мемлекет үшін, қоғам үшін өте қажет болса да. Нарықтық экономика көптеген әлеуметтік экономикалық мәні бар актуалды проблемаларды шешпейді. Ол мәселелер тек қана мемлекеттің ісі болады. Қорытып айтқанда, кез келген елдің экономикасы бірқалыпты даму үшін мемлекет қолынан келетін жағдайлардың бәрін жасауы керек. Қазіргі созылып кеткен экономикалық дағдарыс өндірістің өрескел төмендегенін инфляция, қоғамдағы әлеуметтік наразылық т.б. қолайсыз жағдайлар мемлекеттің экономиканы реттеуді жете білмеушілігінен, өзіне жүктелген функцияларды атқара алмайтындығын көрсетеді.

Бұл жағдайда мемлекетке мынандай негізгі функциялар жүктеледі.

1 Құқықтық негізді жасақтау. Мемлекет меншік құқығын анықтайтын, кәсіпкерлік істі реттейтін, өнімнің сапасын қамтамасыз ететін т.б. заңдар жасақтап қабылдайды. Мемлекет құқықтық негіздер көмегімен кәсіпкерлік іс субъектілерінің қарым-қатынастарын реттейді.

2 Елде қажетті құқықтық тәртіпті және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекет әрбір азаматтың, барлық қоғамның нарықтық экономикасы субъектілерінің құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Егер мемлекет бұл функцияны орындай алмаса, ол жағдайда елде қылмыстық іс-әрекеттер өріс алады: қылмыстық істер, мафия, коррупция, паракорлық т.б. жағымсыз құбылыстар кәсіпкерлік іске, жалпы елдің экономикасына апатты әсер етеді.

3 Экономиканы тұрақтандыру, яғни экономиканы тұрақты дамыту, ол үшін макроэкономикалық оптималды көрсеткіштерге жету: жалпы ұлттық өнім, ішкі ұлттық өнім, таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, инфляция деңгейі және жұмыссыздық, бюджеттің жетіспеушілігі т.б. Ол үшін мемлекет қолда бар барлық рычагтар мен әдістемелерді фискалдық, финанс-кредиттік, ғылыми-техникалық және инвестициялық саясат арқылы іске асыруы керек.

Егер мемлекет экономиканы тұрақтандыруға көңіл аудармаса, ол кәсіпкерлік іске жағдай тұрғызбайды, әлеуметтік жағдай нашарлайды. Мысалы, егер мемлекет инфляциямен күрес жүргізбесе, инфляция елдің экономикасын берекетсіздендіреді:

– ұлттық тауарлар импорт тауарларымен бәсекелес бола алмайды, ол төлем балансының жетіспеушілігіне әкеледі, отандық өндіріс төмендейді, жұмыссыздық өседі;

– валютаны алып-сатушылық басталады;

– елден валютаның шығуы, ол импорт тауарларының қымбаттауына және жалпы бағаның өсуіне әкеледі;

– тұрғындардың жинақтарының құнсыздануына;

– инвестицияның қысқаруына т.б. қолайсыз жағдайларға әкеледі.

4 Әлеуметтік қорғауды және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету. Мемлекет әлеуметтік саясатты белсенді түрде жүргізуге міндетті. Оның мәні мынада: барлық жұмыс істейтіндерге минималды еңбекақымен, кәрілік және мүгедектік зейнетақылармен, жұмыссыздарға жәрдемақымен қамтамасыз етуге кепілдік; тұрмыс жағдайы өте нашар жандарға көмек көрсету; инфляциямен байланысты белгіленген табыс алатындардың табысын индексациялау т.б.

Мемлекет бұл саясатты жүргізу нәтижесінде барлық азаматтарға минималды күнкөріс деңгейін қамтамасыз етеді, ол халық наразылығын бәсеңдетеді.

5 Бәсекелестік қорғау. Нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік – негізгі реттеу инструменті. Бәсекелестік – барлық экономика сферасында прогрестің негізі, ол тауар өндірушілерді ғылым жетістіктерін өндіріске енгізіп, өнім сапасын арттыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге ынталандырады. Сондықтан мемлекет бәсекелестікті қорғауы тиіс. Бәсекелес жағдайда тұтынушы – қожа, нарық – агент, ал кәсіпорын – оның құлы. Ал монополия жағдайында тұтынушы қожалықтан, құлдыққа ауысады [6].

Бірақ бәсекелестік ақырында монополиялық жағдайға әкеледі. Бұл жағдайды диалектиканың бірінші заңы – әлемнің бірлігі және қарама-қарсылық күресі деуге болады.

Кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік жүйесінің теориялық және құқықтық мәселелерін әзірлеу тек барлық мемлекеттік қолдау жүйесін нақты ұйымдастыру шараларымен қамтамасыз еткенде ғана өзінің шынайы нәтижесін бере алады.

Осы проблема, яғни кәсіпкерлікті мелекеттік қолдауды жүзеге асыру – облыстардағы зор көлемдегі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді талап ететін күрделі процесс, басқаша айтқанда осы мәселенің өте бір күрделі аспектісі экономикалық реформа процесінде қандай да болмасын нормативтік актілерді өмірде жүзеге асыру болып табылады.

Шағын және орта кәсіпорындардың мәселелерін зерттеу және қорыту, шағын және орта кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу, билік органдарында кәсіпкерлердің мүдделерін қолдау және заңды құқықтарын қорғау, кәсіпкерлік саласындағы нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу, маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге кәсіпкерлерді тарту бойынша жұмыстарды іске асыру – бұл функцияларды кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері жүзеге асырулары қажет.

Мысалы, қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлердің 20-дан астам қоғамдық бірлестіктері және салалық қауымдастықтары қызмет етеді. Кәсіпкерлік қолдау саласында көптеген түрлі институттар бар, қолдаудың негізгі принциптері, формалары мен механизмдері қалыптастырылған.

Экономикалық тұрақтылық пен экономикалық қызметтің белсенділігі жөнінде банктердің ресурстық базасы мен банктік несиелердің ұлғайғаны куә болады. Макроэкономикалық тұрақтылық пен қаржы жүйесінің дамуы коммерциялық банктердің несиелік ресурстарын кәсіпорынның техникалық жаңаруына, бәсекелестікке қабілетті жаңа өндірістер құруға бағытталған ұзақ мерзімді инвестицияға қарай ұлғайды. Олардың ұлғаюының тұрақты динамикасы байқалады. Жалпы несиенің ең көп бөлігі өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығында пайдаланылуда [7].

Қорытындылай келе, нарықтық экономикаға өту еркін кәсіпкерлікке жол ашты, бірақ бүгінгі күні мемлекетімізде шешілмеген мәселелер бар. Оны шешу үшін мемлекеттің үйлестіру амалдары қажет.

Кәсіпкерліктің субъектілері экономикалық қызметтің әртүрлі қатысушылары – жеке тұлғалар, келісімшарт міндеттемелерімен және де ортақ экономикалық мүдделерімен, біріккен адамдар тобы, яғни ұжымдық кәсіпкерлік, серіктестік, кооперативтер, акционерлік қоғамдар мен осы тәріздес мемлекеттік кәсіпкерлік бола алады.

Өтпелі кезеңде кәсіпкерлік қызметтің даму кешенді және көп деңгейлі сипат алуы керек. Себебі аталған қызмет Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының стратегиялық мақсаттарына жету үшін экономикалық базис болып табылады.

Еркін кәсіпкерлік барлық деңгейде мемлекеттік қолдау мен ынталандыруын қажет етеді. Осы тәрізді кәсіпкерлік кәдімгі күнделікті бизнестен түбірінде

ұқсамайды және әлеуметтік-экономикалық прогресс, Қазақстан Республикасын – жаңа индустриалды мемлекетті қалыптастыруға катализаторшы болып табылады.

Кәсіпкерлік дамытудың басты мақсаты нарық экономикасында бәсекелестік ортаны құру үшін ғана емес, сонымен бірге еркін кәсіпкерлік үшін жол ашатын мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендіру болып табылады.

Сондықтан, қандай болмасын мемлекетте экономикалық жүйеде кәсіпкерлік мәселелері маңызды болып есптеледі: ол дегеніміз динамикалық түрде дамуы мүмкін, тұтынушылардың сұранысының өзгеруіне бейімделеді, бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді, экономиканың құрылымдық қайта құрылуына әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаңа кәсіпкерлік топ пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды, елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен үлеске ие бола алады, мемлекеттік бюджетке үлкен қаржы сомаларын береді. Заңдық құжаттарда көрсетілгендей, кәсіпкерлік өзінің, қарызға алынған және де басқа мүліктері мен құралдар есебінен қызметке қатысушы тұлғалардың бәріне бірдей жақсы нәтиже әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г. – Алматы: Юрист, 2016. – С. 11.
2. Бекмағамбет Г. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мәселелері // Экономика негіздері. – 2006. – №2. – Б. 16.
3. Егемберды Е.К. Проблемы и перспективы государственной политики развития малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан: автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. полит. наук / Е.К. Егемберды. – Астана, 2009. – Б 6, 26.
4. Малеин Н.С. О моральном вреде / Н.С. Малеин // Государство и право. – 1993. – №3. – С. 65.
5. Хуршидова Э.Б. Кәсіптік қызметті қолдау мен қорғауды құқықтық реттеу / Э.Б. Хуршидова // Саясат. – 2005. – №10. – Б. 14.
6. Шевченко В. Государство и бизнес: новый этап сближения / В. Шевченко // Рудный Алтай. – 2005. – 14 апрель. – С. 10.
7. Стратегия Фонда предпринимательства Даму на 2010-2016 гг. // Параграф [Электронный ресурс]: справ. система / Восточно-Казахстанский региональный центр. – Усть-Каменогорск: Юринфо, 2016. – С. 13.

REFERENCES

1. *Konstitucija Respubliki Kazahstan ot 30 avgusta 1995. Almaty, Jurist, 2016, 11 (in Russ).*
2. Bekmaqambet G., *Shaqyn kasipkerlikti qoldau maseleleri. Jekonomika negizderi. 2006, 2, 16 (in Kaz).*
3. Egemberdy E.K., *Problemy i perspektivy gosudarstvennoj politiki razvitija malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazahstan: avtoref. dis. na soisk. uchen. step.*

kand. polit. nauk. Astana, 2009, 6, 26 (in Russ).

4. Malein N.S., *O moral'nom vrede. Gosudarstvo i pravo. 1993, 3, 65 (in Russ).*

5. Hurshidova Je.B., *Kasiptik qyzmetti qoldau men qorqaudy quqyqtyq retteu. Sajasat. 2005, 10, 14 (in Kaz).*

6. Shevchenko V., *Gosudarstvo i biznes, novyj jetap sblizhenija. Rudnyj Altaj. 2005, 14 aprel', 10 (in Russ).*

7. *Strategija Fonda predprinimatel'stva Damu na 2010, 2016 gg. Vostochno Kazahstan-skij regional'nyj centr. Ust' Kamenogorsk, Jurinfo, 2016, 13 (in Russ).*

УДК 821.09

К.А. КЫЛКАБАЕВА

КГУ «Школа-гимназия №2», ВКО, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ВНЕДРЕНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Необходимость знания нескольких языков в современном мире и востребованность обществом поликультурной личности очевидна и сама по себе является мотивацией в обучении.

Ключевые слова: язык, развитие, качественное усиление процесса, культурное взаимодействие.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ: ТӘЖІРИБЕСІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Қазіргі заманда бірнеше тілді білу қажеттілігі және полимәдени тұлғаның қоғамға қажеттілігі анық, сондай-ақ оның өзі білім беруде себепші бола алады.

Түйін сөздер: тіл, даму, сапаны күшейту үрдісі, мәдени өзара іс-қимыл.

THE INTRODUCTION OF MULTILINGUAL EDUCATION: EXPERIENCE, PROBLEMS AND PROSPECTS.

Necessity of knowledge of a few languages for the modern world and highly sought by society multicultural личности is obvious and in itself is motivation in educating.

Keywords: Language, development, quality enhancement of the process of cultural interaction.

Следует заметить, что в современных условиях образ жизни человека определенным образом унифицируется, стираются многие национальные различия, теряется связь человека со своими корнями, обесценивается нравственный опыт предыдущих поколений. Поэтому перед преподавателем стоит важнейшая задача – использовать весь свой уникальный опыт и знания культурных традиций народов и этносов, общечеловеческих ценностей и мировой культуры в создании благоприятной образовательной и воспитательной среды,